

Бекітемін



Г.Жетпісова

МҚКҚ «№1 бөбекжайы» басшысы

2021 жыл

**“Балапан” кіші тобының 2021-2022**

**оқу жылына арналған**

**мүсіндеу бойынша**

**жылдық перспективтік жоспары**

**2021- 2022 оқу жылы**

№	Ай	Өтпе лі тақы рып	Аптаның тақырып шасы	ҰОҚ тақырыбы	ҰОҚ саны	Уақыты
1	Қыркүйек	«Балабақша»	Жиһаздар	<b>Мүсіндеу</b> Бөбекжайдағы әдемі доптар. <b>Мақсаты:</b> балаларға бөбекжай туралы түсініктерін кеңейте отырып, домалақ доптарды сулы құмды домалақтау әдісі арқылы жасауды үйрету. Сазбалшықты алақан арасына салып домалақтау тәсілдерін меңгерту, саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қимылын дамыту. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.	1	24.09.21
2	Қазан	«Менің отбасы»	Алтын күз	Қуыршаққа арналған әшекей. <b>Мақсаты:</b> ермексаз бөлшектерін алақандарына салып есуді, әртүрлі форманы қалыптастыра білуді үйрету. Балалардың ермексазбен жұмыстануға деген қызығушылықтарын арттыру, саусақтың ұсақ бұлшықеттерін дамыту. Әсемдікті, әдемілікті сезіне білуге тәрбиелеу.	1	22.10.21
3	Қараша	«Дні саудың жаны сау»	Біз күштіміз, ептіміз	Тоқаш. <b>Мақсаты:</b> балаларды мүсіндеудің жаңа материалы ашыған қамырмен таныстыру, екі қолымен алақан арасына домалақтап, илеуді үйрету. Ойын арқылы балалардың қиялын дамыту. Балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу	1	26.11.21
4	Желтоқсан	«Менің Қазақстаным»	Тәуелсіз Қазақстан (ҚР Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер)	Шыршаны безендіреміз. <b>Мақсаты:</b> балаларды мүсіндеудің жаңа амалдарымен таныстыру, сән ойыншықтары мен ермексазды қолдану тәсілдерін үйрету. Саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қимылын дамыту. Өздігінен жұмысты жасай білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	24.12.21

5	Қаңтар	«Табиғат әлемі»	Ғажайып қыс	Шыны-аяқ. <b>Мақсаты:</b> дайын үлгіге қарап кесе мүсіндеп сәндік ою-өрнекпен безендіруді үйрету. Балалардың ермексазды алақан арасына салып айналдыра домалақтау арқылы мүсіндей білу іскерліктерін арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Мүсіндеу барысында балаларды өз ісіне ұқыпты және шыдамды болуға тәрбиелеу.	1	28.01.22
6	Ақпан	«Бізді қоршаған әлем»	Мамандықтың бәрі жақсы	Қуыршақтарға арналған печенье. <b>Мақсаты:</b> балаларды қамырмен жұмыс жасауға үйрету, алақанды тікесінен қимылдату арқылы домалақ пішін жасауды және саусақпен жай ғана басуды үйрету. Балаларға халқымыздың қонақжайлылығы туралы қысқаша мәлімет беру және ойын арқылы бала қиялын дамыту. Балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу	1	25.02.22
7	Наурыз	«Салт – дәстүр мен фольклор»	Нұр төккен, гүл көктем	Қуыршақтарға арналған печенье. <b>Мақсаты:</b> балаларды қамырмен жұмыс жасауға үйрету, алақанды тікесінен қимылдату арқылы домалақ пішін жасауды және саусақпен жай ғана басуды үйрету. Балаларға халқымыздың қонақжайлылығы туралы қысқаша мәлімет беру және ойын арқылы бала қиялын дамыту. Балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу	1	25.03.22
8	Сәуір	«Біз еңбекқор баламыз»	Еңбек бәрін жеңбек	Сәбиге арналған сылдырмақ. <b>Мақсаты:</b> сылдырмақ туралы түсінік беріп, оның дыбыс шығаруының сырын түсіндіру, сылдырмақ жасауды үйрету. Балаларға ермексаздан домалақ жасау дағдысын, ұнаған түстерін таңдай білу қабілеттерін дамыту. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу	1	29.04.22
9	Мамыр	«Әрқашан күн сөнбесін»	Көңілді жаз	Саңырауқұлақ. <b>Мақсаты:</b> ермексазды шымшып үзіп алу және домалақ, жұмыр мүсіндерді жасау арқылы саңырауқұлақтың мүсінін жасауды үйрету. Эстетикалық талғамын дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.	1	27.05.22
Барлығы:					9	